

ӘОЖ 17

**ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «АҚЫЛ КОНЦЕПСИЯСЫ» МЕН «ҰЖДАН  
КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ» БІРЛІГІНЕ ГЕРМЕНЕВТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ**

**Абилханов Эльдар Серікұлы**

[eldar.serikuly@bk.ru](mailto:eldar.serikuly@bk.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың Философия мамандығының студенті

Ғылыми жетекшісі - А.Ө.Тұрсынбаева

Адал еңбек, ақ пейіл, мейірім жоқ –  
Осы болар таза ақыл өлді демек.  
Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Осы өлең жолдарынаң «таза ақыл» деген философиялық лексиканы байқап отырмыз. Адал еңбек, ақ пейіл, мейірім кетсе таза ақыл өледі. Таза ақыл дегеніміз не? Сұрақты тереңірек аша түсейік, байқағанымыздай таза ақылыдың өлуі адал еңбек, ақ пейіл, мейірім ұғымдарымен байланысты бұндай ұқсастық басқа да өлеңдеріңде кездеседі.

Сен болагер аққа жақ,  
Болам десең адам.  
Адал еңбек берер,  
Бассаң соғаң қадам.  
Айнымайтын ақ жүрек пен,

Таза ақылды адамның.  
Таппасы жоқ бұл өмірде,  
Осынымды ұқ балам.[1, 391 б.].

Бұл байланыс, ұқсастық бізге не айтады? Таза ақыл мен ұждан бір мағынада болғаныма? Оған мысыл: Адал еңбек – әділет, айнымайтын ақ жүрек – ынсап, мейірім – мейірім, ұқсастығы дәл келіп тұр, таза ақыл дегеніміз – ұждан десек болады. Шәкәрімнің «үш анық» еңбегінде: Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім.[2, 65 б.]. деген анықтама береді. Ойшылдың осы үш ұғымы, «үш анық» еңбегінде ұждан болса, ал өлеңдерінде таза ақыл мен түйісіп жатады. Ойымызды түйіндей келе, ұждан мен таза ақыл бір деген ой шығады. Ұждан мен таза ақылдың байланысын одан әрмен көрейік.

Білімділер сөз жазып, зарлағанда,  
Ой кезіп, жердің жүзін шарлағанда,  
Алдаусыз адам өмірін түзетерлік  
Әділет, ынсап, мейірім бар ма адамда?  
Әйтпесе мәз боп жүр ме қиянатқа,  
Зорлықпен бірін-бірі жалмағанға.  
Мен адамнан таза ақыл таба алмадым,  
Ойланып, өзеленіп, қармағанда.[1, 242 б.].  
Немесе  
Рахым жоқ, қанағат жоқ, арсыз болып,  
Жас бойға жаман атақ тағынбалық!  
Таза ойлап, татулық іс табалық!  
Жау жоқта, тіпті жауды сағынбалық!  
Надандықпен қарнымыз тоқ демелік!  
Біз білмеген еш ақыл жоқ демелік!  
«Айланы ақыл, арсыздық әдеп қой» деп,  
Арамды алал, асылды боқ демелік

Бұл жерде нені байқаймыз? әрине мағыналас сөздерін – әділет, ынсап, мейірім бар ма адамда? деген жолмен, Рахым жоқ, қанағат жоқ, арсыз болып, сөздері синоним сөздер, және ар-ұждан мәселесіне қатысты ойын таза ақыл мен тәмандайды, бұндай ұқсастықтар көп мысалы: Зорлықпен бірін-бірі жалмағанға. Мен адамнан таза ақыл таба алмадым, деп келсе, келесі өлеңінде Таза ойлап, татулық іс табалық! Жау жоқта, тіпті жауды сағынбалық! Жәй ұқсастық емес екеніне мәлім сеніп.

Осындай дәйектерге сүйене отырып таза ақыл дегенімізді ұждан деп анық айталамыз. Шәкәрім таза деп емес бірден ұждан ақыл демеді? Деген сұрақ тағы туындауы мүмкін. Сұрақты дәл бұлай бірден кесіп, байланысын көрсетіп жауап бералмаймыз, сұрақ жауапты емес талдауды талап етіп тұр. Талдаудың басын таза ақылға қалай жетеміз, тазару арқылы не табамыз деген сұрақпен бастайық.

Ары, нәпсіні жеңсе тазарып,  
Құтылар қорлықтан.[1, 397 б.].

Ары, нәпсіні жеңсе тазарып міне осы жерде-ақ тазарудың жолын көрсетіп тұр. Жоғарыда мынадай жолдар бар соны түртіп өтейік: Адамның сыртқы дене жаралысы, Нәпсісі айуанмен анық теңдес, Бөлектігі – жалғыз-ақ таза ақылда, Әлің келсе, жол тапта осыны емдес.

Емдеу жолы жайлы сөз шықты, нәпсіге беріліп кетпеу үшін қалай емдейміз деген? Бұл сұрақтың жауабын Шәкәрімнің «Ар ілімі» арлы ақыл ғана нәпсіге бой алдырмайды. Адамзаттық ақылыды тек арды сақтай отырып, хайуандық ақылға айналып кетудің алдын аламыз. Ойшыл өзінің «бостандық таңы атты» өлеңінде адам санасын ар түзейді, ал әлемдегі

талас-тартысты таза ақыл реттейді деп адамзатты арлы болуға және адал еңбек етуге шақырады.

Ар түзер адамның, адамдық санасын,  
Ақ жеңіп шығады, арамның қарасын,  
Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп,  
Таза ақыл қосылса, әлемнің таласын.[1, 252 б.].

Ар – ұждан болмаса түбі адасу болады, үйкені нәпсі өз болмысына сай әрекет жасайды. Нәпсі тойымсыз, араны ашық, арсыз, залымдық.

Емдеу жолы – ұждан арқылы болмақ. Ар мен ұжданның мағынасы ұқсас болған мен атқару жұмыстары бөлек. Ұждан арқылы ғана ар сақталады, түзеледі. Шәкәрім қажы өзінің философиялық анализ түрінде жазылған «үш аңық» еңбегінің соңын мұсылмандық иман арқылы қорытындылап, ұжданның мәнін ашады. Науқастанған ақыл, иманға зәру егерде ұжданды өмірлік серік етсе, ақылы айығып – сау ақыл атанбақ. Сау ақыл – меннің иманым деп өзіде айтқан, енді үш аңық еңбегіндегі ой түйініне қарайық. Ұжданды екі дүние азығы, ұждансыз қиянат, зұлымдық көбейеді.

Шәкәрімнің өмірдің мәнін іздеп, ой түйінін қарайық: Себебі өлеген соңғы жан өміріне нана алмай, өстіп ұждан – совесть, жанның екі өміріне бірдей керек таяныш екеніне нана алмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ербір жол, заң тазарта алмайды. Егер бір адам жанның өлген соңғы өмірі мен ұждан соның азығы екеніне әбден нанса, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірін де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты. Кейбір діншілдерді қорлыққа түсіріп жүрген шатақ дін мен жалғандық. Әйтпесе Жаратушыда білім бар, өлген соң да бір түрлі жан тіршілігі бар! Жанның екі өмірде де азығы: ұждан – совесть деумен ешкім де еш нәрседен кемдік көрмейді. Тіпті, бұл жоғарылаудың ең зор жәрдемі. Үш аңық дегенім міне осы.[2, 90 б.].

Таза ақыл идея болып, ұждан форма бұл ойымызға Абай атамыздың «толық адам» идеясы негі болады. Абайдың «Толық адамы» мен Шәкәрімнің «Ар ілімінің» түпкі мақсаты – мұратты бір, «Толық адамда – ыстық қайрат, жылы жүрек, нұрлы ақыл болса», Шәкәрімде – Ынсап, әділет, мейрім.

Ғылымдардың атасы философия сұрақтары арқылы түрлі ғылымдар келді және келуде, сол секілді ақыл – әділетен, қайрат – ынсаптан, мейірім – жүректен тумайма?

Ғұлама, данышпан, дана, хакімдер өз өмірлерін әділет жолы деп ұран еткен һәм насихаты, нағыз қайрат сабырдаң, шыдамдылықтан шықпайма майданда жұлқынған емес сабырмен төзген жеңеді мықты болсақ нәпсінің үйіндегі ынсапты босатып алайық сонда қайратты боламыз, жүректі елжіретіп босатып жіберетін мейірімді іс пен көңіл, жүректі жылытатын мейірімділік һәм ізгілік.

Міне Ақыл, қайрат, жүрек бұлар идея екен, жүзеге асуы яғни қозғалысқа енуі ынсап, әділет, мейірім арқылы ғана толық адамда жүзеге аспақ. Хакім Абай ғасырлар бойы сүзілген, адамның болмысын құрайтын ең негізгі қасеттерді көрсетсе, шәкірті Шәкәрім ойшыл сол қасеттердің түп себебін ашып берді, екі өмірдегі серігіміз – ұждан дегеніміз адам болмысы, ал таза ақыл дегеніміз – рух. Ойымызды қорытындылай келе «ақыл мен ұждан» біріксе рухты құрайды, «ақыл концепсиясы» мен «ұждан категориясының бірлігі рух болмақ.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының бір томдық жинағы. Жол табалық ақылмен. - А. : Халықаралық Абай клубы, 2006. – 734 бет.
2. Шәкәрім Құдайбердіұлы Шығармаларының үш томдық жинағы Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008 Т, 3 : Мақалалар, естеліктер, зертеулер – 664 бет.